

Қазақстан мұнайын экспортқа тасымалдау жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 12 ақпандағы N 204

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешенінің экспорттық әлеуетін пайдалануды жақсарту, қазақстан мұнайын дүние жүзілік рынокқа берудің қосымша көліктік сызбаларын іздестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі: қазақстандық мұнайдың Ақтау теңіз портынан беру сызбасын әзірлесін; қазақстандық мұнайдың Ақтау теңіз портынан экспортқа шығарылуын жүзеге асыру жөніндегі өкілетті операторларды анықтасын;

өкілетті операторлар арқылы талап етілетін сапада мұнай қоспасын жасау үшін шетел қатысатын кәсіпорындардан 100 процентке дейін Қазақстан Республикасына үлес есептелетін мұнай сатып алуды жүзеге асырсын;

аталған мәселелер бойынша келіссөздер жүргізісін, келісімдер жасасын және қажетті құжаттарды әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік салық комитеті, Мемлекеттік кеден комитеті, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті және басқа да орталық атқарушы органдар Иран Ислам Республикасымен мұнай алмасу туралы контрактінің, оның күші сақталатын барлық уақытта және жасасылған контрактілерге (шарттарға) сәйкес Ақтау портынан қазақстандық мұнайды экспортқа беру шарттарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ақтау теңіз порты" мемлекеттік кәсіпорнын, "Мұнайимпекс" кәсіпорнын, Батыс Қазақстан темір жолын қайта құрылымдау және жекешелендіру, "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының, "Каскор" акционерлік компаниясының және Ақтау теңіз портынан қазақстан мұнайын экспорттау процесіне қатысатын басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік

акциялар пакетін сату кезінде ұзақ мерзімдік контрактілерде көзделген міндеттемелер бойынша құқықтық мұрагерлікті қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке
жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК